

Қазақстан Республикасының энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру туралы заңнамасының талаптарын бұзушылықтарды жою туралы нұсқаманың нысанын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрінің 2012 жылғы 29 маусымдағы № 223 бұйрығы

«Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру туралы» Қазақстан Республикасы Заңының [5-бабының 7\) тармақшасына](#) сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қазақстан Республикасының энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру туралы заңнамасының талаптарын бұзушылықтарды жою туралы нұсқаманың [нысаны](#) бекітілсін.

2. Жаңа технологиялар және энергия үнемдеу департаменті (Т.А. Мұқанов) осы бұйрықтың заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік [тіркелуін](#) және бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар вице-министрі Қ.А. Тулеушинге жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғаш ресми [жарияланғаннан](#) кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

Ә. Исекешев

Қазақстан Республикасы
Индустрия және жаңа
технологиялар министрінің
2012 жылғы 29 маусымдағы
№ 223 [бұйрығымен](#)
бекітілген

Нысан

Қазақстан Республикасының энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру туралы заңнамасының талаптарын бұзушылықтарды жою туралы нұсқама

20__ жылғы «__» _____

№ _____

Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі мемлекеттік инспектор(лар):

(аты-жөні)

«Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру туралы» Қазақстан Республикасы Заңының [7-бабына](#) және «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының [10, 16-баптарына](#) сәйкес басшысы

_____ болып табылатын
(лауазымы, аты-жөні)

_____ (субъектінің толық атауы)

_____ (субъектінің орналасқан жері, телефон, факс)
энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру туралы Қазақстан Республикасы заңнамасының сақталуына тексеру жүргізді.
Тексеру _____

_____ қатысуымен жүргізілді.
(лауазымы, аты-жөні)

Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру туралы
Қазақстан Республикасы заңнамасының сақталуын тексеру кезінде мыналар анықталды:

«Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының [16-бабын](#) және «Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру туралы» Қазақстан Республикасы Заңының [21-бабын](#) басшылыққа ала отырып, **НҰСҚАМА БЕРЕМІН:**

| № р/с | Іс-шараның атауы | Орындалу мерзімі | Негіздемесі |
|-------|------------------|------------------|-------------|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |

Нұсқаманың орындалғаны туралы ақпарат энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы уәкілетті органға 20__ жылғы «__» _____ мерзімге дейін мына мекенжай бойынша
үсынылсын: _____

_____ данада басылды.

Қолдар:

Мемлекеттік инспектор: _____
(қолы) (Т.А.Ә.)

Қатысушылар: _____
(қолы) (Т.А.Ә.)

Нұсқамамен таныстым және бір данасын алдым
20 _____ жылғы « _____ » _____

Кәсіпорын басшысы: _____
(қолы) (Т.А.Ә.)

Мөр орны